

Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы

Жылдың соңы

Баланың аты –жөні: Қайыр Тамерлан

Туған жылы: 20.01.2021 жыл

Топ: «Ертөстік»

Мақсаты: Баланың психикалық дамуын анықтау, танымдық процестерінің, сөйлеу тілінің, эмоциялық-ерік аймағының және әлеуметтік қарым-қатынасының даму динамикасын бағалау.

№	Қолданылған әдістемелер	Нәтижелер
1	<p>Зейін мен қабылдау Мақсаты:Зейіннің тұрақтылығын, қабылдау дәлдігін және салыстыру қабілетін анықтау. -«Айырмашылығын тап» (екі суреттен 3–5 айырмашылықты табу) -«Көлеңкесін тап» -«Суретті құрастыр» 3–4 бөліктен тұратын пазл) -«Түстер бойынша сұрыпта»</p>	<p>Айырмашылықты тапты, бірақ арасында шатасты. Барлық тапсырманың көлеңкесін тапты. Суретті құрастырып шықты. Түстері бойынша сұрыптап шықты. Түстерді атауында шатасты.</p>
2	<p>Ойлау және есте сақтау Мақсаты:Логикалық ойлауын, есте сақтауын және себеп-салдар байланысын анықтау. Тапсырмалар: -«Төртінші артық» -«Не алдымен, не кейін?» (реттік суреттер) -«Есте сақта және ата» (4–6 заттың суреті) -«Жануар мен төлін сәйкестендір» -«Бір сөзбен ата» (алма, алмұрт, банан – жемістер)</p>	<p>Артық затты табар кезде алғашында шатасты. Қайта ойлануды өтінгеннен кейін тапты. 6 суреттен 4 суретті тапты. Жануарларды төлдерімен толық сәкестендірді. Барлық суреттерді бір сөзбен атай алды.</p>
3	<p>Сөйлеу дамуы Мақсаты:Сөздік қорын, сөйлем құрауын және байланыстырып сөйлеуін анықтау. Тапсырмалар: -«Кім не істеп жатыр?» -«Затты сипатта» -«Қарама-қарсы сөздерді ата» (үлкен–кіші, ұзын–қысқа) -«Бұл не үшін керек?» (қасық, тарак, доп)</p>	<p>Тілдің анық болмағандығына қарамастан ,түсіндіруге тырысты. Сипаттады толық сөзбен емес, қысқа сипаттады. Сұрақтар бойынша үлкен-кішіні көрсетті. Не үшін керек екенін түсіндіріп берді.</p>
4	<p>Ұсақ моторика және ерік-эмоциялық даму Мақсаты:Қол қимылдарының үйлесімділігін, эмоцияларды тануын және өзін-өзі реттеу дағдыларын анықтау. Тапсырмалар: -Моншақ тізу -Ермексаздан пішін жасау -Саусақ ойындары -«Смайлик таңда»</p>	<p>Моншақтарды тізіп бере алды. Пішіндер жасай алады, психолог көмек арқылы. Саусақ ойындарында шатасады және жалығады. Ажырата алады. Айнадағы көңіл күйді</p>

<p>-«Қуандым, ренжідім, таңғалдым» эмоцияларын ажырату -«Айнадағы көңіл-күй»</p>	<p>түсіндіре алды.</p>
--	------------------------

Даму деңгейі:

Зейін мен қабылдауы: Тамерланның зейін қоюды және қабылдау тапсырмаларын орындауды меңгерген. Екі сурет арасындағы айырмашылықтарды таба алды, бірақ кей жағдайда шатасу байқалды. Заттардың көлеңкелерін дұрыс сәйкестендірді. Бөлшектерден суретті құрастыра алды. Түстер бойынша сұрыптау тапсырмасын орындады, алайда түстердің атауларын айту барысында шатасты. Жалпы көру арқылы қабылдау және салыстыру дағдылары қалыптасу үстінде.

Ойлау және есте сақтау: логикалық ойлау дағдылары жеткілікті деңгейде дамып келеді. «Төртінші артық» тапсырмасында бастапқыда қиналғанымен, қосымша ойлану арқылы дұрыс жауап тапты. Ұсынылған 6 суреттің 4-еуін есте сақтап атады. Жануарлар мен төлдерін толық сәйкестендірді. Заттарды жалпылап, бір сөзбен атай алды. Себеп-салдарлық байланыстарды түсіну және жалпылау дағдылары қалыптасқан.

Сөйлеу дамуы: Сөйлеу барысында тілінің анық айтылмауы байқалады. Соған қарамастан өз ойын жеткізуге және тапсырмаларды түсіндіруге талпынады. Заттарды сипаттауда қысқа жауаптар береді, толық сөйлемдерді сирек қолданады. Қарама-қарсы ұғымдарды түсінеді және көрсете алады. Заттардың қызметін түсіндіріп бере алады. Сөздік қоры мен байланыстырып сөйлеу дағдылары даму үстінде.

Ұсақ моторика және ерік-эмоциялық даму: Ұсақ моторикалық дағдылары қалыптасу кезеңінде. Моншақтарды өздігінен тізе алады. Ермексаздан қарапайым пішіндерді ересек адамның көмегімен жасайды. Саусақ ойындарында шатасып, тез жалығу байқалады. Эмоцияларды ажырата алады, көңіл-күй бейнелерін таниды және түсіндіреді. Айнадағы көңіл-күйді дұрыс көрсетіп, сипаттай алды. Үлкендермен қарым – қатынасқа тез және көңілді түседі.

Ұсыныстар

Түстердің атауларын бекітуге арналған ойындар мен жаттығуларды жүйелі өткізу.

-Зейіннің тұрақтылығын дамыту үшін «Айырмашылығын тап», пазл құрастыру, лабиринт және көру арқылы есте сақтау тапсырмаларын көбейту.

-Есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында суреттер мен заттарды есте сақтап қайта айту жаттығуларын жүргізу.

-Сөйлеу тілін дамыту үшін сурет бойынша әңгіме құрастыруға, толық сөйлеммен жауап беруге ынталандыру.

-Сөздік қорын байытуға арналған тақырыптық әңгімелер мен дидактикалық ойындарды пайдалану.

-Ұсақ моториканы дамыту үшін ермексазбен жұмыс, саусақ жаттығулары, бояу, қиып-жапсыру әрекеттерін жүйелі ұйымдастыру.

-Саусақ ойындарын қысқа әрі қызықты түрде өткізіп, баланың қызығушылығын қолдау.

-Эмоцияларды тану және білдіру дағдыларын дамытуға бағытталған рөлдік және сюжеттік ойындарды жалғастыру.

-Баланың жетістіктерін мадақтап, өзіне деген сенімділігін арттыру.

Қорытынды:

Тамерланның танымдық, сөйлеу және эмоциялық-еріктік даму дағдылары жас ерекшелігіне сәйкес қалыптасу үстінде. Тапсырмаларды орындауға қызығушылық танытады, бірақ кейбір жағдайда қосымша уақыт пен қолдауды қажет етеді. Сөйлеу тілін, есте сақтауын және ұсақ моторикасын дамыту бағытындағы түзете-дамыту жұмыстарын жалғастыру ұсынылады.

Зерттелген күні:30.04. 2026жыл.

Педагог-психолог Каменова Жанар Забинулловна